

**Жалпы білім беретін «Қ.Смағұлов атындағы орта мектеп» КММ-нің
Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы**

Өткізілген күні 15.01.2021 ж.
(жылы, күні, айы)

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесі мүшелері, мектеп әкімшілігі, кеңес хатшысы

1. Сағынғалиева Әсемгүл-Қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Мырзағалиева Мейрамгүл-кеңес төрағасының орынбасары
3. Орынұлы Абай – қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Сұлтанов Ғалымжан- қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Паритов Мейрамбек - қамқоршылық кеңес мүшесі
6. Ахмедиева Ақмарал - қамқоршылық кеңес мүшесі
7. Кутумова Нұрсұлу - қамқоршылық кеңес мүшесі
8. Жолдасова Әсем - қамқоршылық кеңес мүшесі
9. Қыстаубаева Мөлдір - қамқоршылық кеңес мүшесі

Күн тәртібі:

1. Ата -аналар мен оқушылар үшін мектеп әкімшілігінің қамқоршылық кеңеспен бірлескен ашық есік күнін ұйымдастыру.
2. Мектепшілік дәстүрлі мерекелі іс- шараларды, спорттық іс - шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету.

Тыңдалды: : Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша мектеп директоры Н.Кенжебаев : Құрметті ата-аналар, Қ.Смағұлов атындағы орта білім беретін мектепте бүгін Ашық есік күнін өткізгелі отырмыз. Ашық есік күні үнемі ұйымдастырылып отырады. Ашық есік күні өзгеше форматта өтеді. Ата-аналар, өздеріңіздің шешімін таппай жүрген сұрақтарыңызға толық жауаптар ала аласыздар. Ата-аналар ZOOM арқылы қосылды.

Сұрақтар:

1. Ата-ана Такирова Майра: 4 «г» сыныбында оқитын балам Такиров Мейіржанның қала сыртындағы лагерьде демалуға мүмкіндігі бар ма ?
2. Ата-ана Байкадамова Жадыра: 3 «а» сыныбында оқитын балам Алпысұлы Бақдәулеттің қала сыртындағы лагерьде демалуға мүмкіндігі бар ма деп сұрады.
3. Ата-ана Рахымжанова Мугулсин балалары 7 сыныпта оқитын баласы Жасұланұлы Жасқанаттың қала сыртындағы лагерьде және 2 сыныпта оқитын қызы Жасұланқызы Аянаттың мектеп жанындағы лагерьде демалуға мүмкіндігі бар ма?

4.Ата-ана Серікбаева Гүлзада 7 «б» сыныбында оқитын қызым Әсемғали Альфияның Қамыскөлдегі лагерьге демалуға мүмкіндік бар ма ?

Жауап. А.Тоғжанова –әлеуметтік педагог: Ата-аналар әрқайсысы әлеуметтік санаттарына қарай қажетті құжаттарды жинап, мектеп директорының атына өтініш жазу керек, сонымен қатар ол өтініш Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы қабылданады.. Өтініш мектепке жеткізілгеннен кейін мектеп директорының бұйрығымен бекітілген алқалы басқару органы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 21-ші тармақшасын басшылыққа ала отырып шешім қабылдап, ата-аналарға «Жауап хат» беріледі.

Тыңдалды: екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.О.Казиханова сөз алды. Біздің мектебінде жалпы спорттық шаралар жиі ұйымдастырылып тұрады. Сыныптан тыс спорттық шаралар арқылы, мектеп жасындағы балалардың патриоттық тәрбиесін жүзеге асыру сұранысқа ие болғандықтан жексенбі,сенбі күндері және атаулы мереке күндері жиі спорттық сайыстар өткізіледі. Мектепте баланың сыныптан тыс жұмыспен айналысуында ұстаздардың әсері мол. Сыныптан тыс спорттық жұмыстар баланың спортқа деген ынтасын арттыратын, баланы дұрыс та, сауатты демалуға үйрететін, өз ойын жүйелі түрде дамытатын ең керекті әдіс . Спорт оқушылардың бойында күш, ептілік, төзімділік секілді моральдық-ерік сапаларын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Спорттың тәрбиелік құндылығы мектепте оны дұрыс ұйымдастырған жағдайда және оны өткізудің дұрыс әдістерін қолданғанда ғана, тиімді болмақ. Осы тұста мектебімізде кейбір спорттық құрылғылардың жетіспеушілігі де кедергі болып жататыны айқын. Сондай-ақ, спорт шараларында оқушыларымыз тек мақтау қағаздарын алумен ғана шектеліп жатады. Сондықтан, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында ынталандыру ретінде қолдау көрсетенін жағдай жасасаңыздар,- деп ұсыныс білдіргім келеді.

Сөз алғандар: Қамқоршылық кеңес төрағасы Ә.Сағынғалиева – Жоғарыдағы аталған мәселелерді қарастыра келе шешім шығардық. Ата-аналармен тығыз байланыста болып, балаларымыздың салауатты өмір салтын ұстануға,елінің патриоты болуға бірден- бір себепкер өзіміз екені белгілі. Сондықтан сіздердің айтқан ұсыныстарыңызбен толықтай келісеміз. Мереке күні балалардың көңілін көтеріп,ұлттық мейрамымызды даріптеп ұйымдастырған шараларға көмек қолын созып, қолдау білдіреміз деп айтқым келеді.

Қаулы:

1.Ата аналар мен оқушылар үшін мектеп әкімшілігінің қамқоршылық кеңеспен бірлескен ашық есік күндері жиі ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.

2.Спорттық жарыстарда оқушылардың және мұғалімдердің жетістіктерін ескере отырып,еңбектері бағалансын, атаулы мерекелерде жеңілдетілген оқушыларға өткізілетін ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрағасы:



Ә.Сағынғалиева

Жиналыс хатшысы:



Г.Муканбедиева